Ақтөбе қаласының «Міржақып Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе-2026ж

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы,орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы).

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Міржақып Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ақтөбе қаласы, Иран Әміров 7

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).

Электрондық мекен –жайы: mektep.mirzhakip63@yandex.kz
Интернеттегі ресми сайт: *https://aktobe63school.daryn.edu.kz*
Әлеуметтік желі @63zhbboml
https://www.instagram.com/63zhbboml?igsh=MW0xOWl1ZWNoNjlqNw==

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер).

Дюсембаев Бекболат Есенжолович, 2026 жылы 31 наурыз № 96 бұйрықпен директор болып тағайындалған.

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама /куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі) Қазақстан облысының Әділет департаментінің «заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы» анықтама
БСН-171040019175
Берілген күні: 05.02.2020ж
Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 13.10.2017 жыл
Құрылтайшысы: «Ақтөбе қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша)

«Білім беру қызмет» лицензиясы, KZ33LAA00017843, 24.02.2020.қосымшамен бірге
Лицензиар: «Қазақстан республикасы Оқу –ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі.

2. Кадрлық құрамға талдау

Оқыту нәтижелеріне бағдалана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау;

Педагог кадрлардың сапалық құрамы нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді, бұл оқу-тәрбие үдерісін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытумен, зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік береді. Мектептің деңгейіне сәйкес әрбір қабылданған кадрға ерекше көңіл аударылады. Жұмысқа қабылданған педагог мектептің жарғысымен, ұжымдық шартпен, атқаратын қызметімен, педагогтарды аттестаттау Ережесімен таныстырылды. Мектептің психологиялық және моральдық жағдайы ұжымның жүйелі жұмыс жасауына жағдай туғызады.

2025-2026 оқу жылында М.Дулатұлы атындағы № 63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейінде білім беретін қызметкерлерінің саны – 79. Оның ішінде 77 жоғары білімді маман, ол ұжымның 97,46 %, 2– орта арнаулы білімді маман, ол ұжымның 2,5 % құрады.

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта	Жоғары кәсіптік білімі бар педагогтер үлесі
2024-2025	85	80	5	94,11%
2025-2026	79	77	2	97,46 %

2025-2026 оқу жылы мектепте барлығы 79 педагог қызметкер болды, сонымен қатар, педагогтарға теңестірілгендер 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1тәлімгер. Жоғары білімді педагог–79(98,73%).

Арнайы педагогтер

Оқу жылы	Педагог-психолог	Әлеуметтік педагог	Педагог-ассистент	дефектолог	логопед
2024-2025	2	1	4	0	0
2025-2026	2	1	4	1	1

Жас мамандар

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының 27.12.2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес мектептегі жас мамандарға өз білімін жетілдіру,инновациялық бағдарламалар мен технологияларды меңгеруге ықпал жасау, кәсіптік деңгейін жетілдіру ,әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас мамандарға мектепшілік бұйрықтар шығарылып, тәлімгерлер бекітілді. 2025-2026 оқу жылында 3 жас маман жұмыстанды.

Мектеп әкімшілігі жас мамандардың сабақтарына қатысып, талдау барысында өз ұсынысын білдіріп, әдістемелік көмектер көрсетілді. Қорытындысы әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, талданды. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде сыныптар бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңаша формасы, мазмұны қалыптасты.

Күнделікті сабақ жоспарының мақсатты жасалуына бағыт беріліп, оқу үрдісін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік бағыт бағдарлар берілді. Кәсіби деңгейлерін анықтау жұмыстары жүргізіліп, жас маманның күнтізбелік жоспарын жасауына әдістемелік көмек беріліп, жас маманның сынып жетекшілік жұмысын орындауына, оқушылардың жеке іс-құжаттары мен мектеп құжаттарын дұрыс толтыруына үйретілді. Жас мамандарды ұжымға тарту, олардың ұстаз болып қалыптасуы, жұмыс қабілетінің артып, ынталануы үшін марапаттаулар жасалып, жас маманның ата-аналар жиналысын өткізуіне әдістемелік көмектер берілді.

р/с	Пән аттары	Барлық мұғалімдер саны	Білімі		
			Жоғары	Арнаулы орта	магистр
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	5		2
2	Орыс тілі мен әдебиеті	5	5		
3	Ағылшын тілі	8	8		1
4	Математика	5	5		
5	Физика	2	2		
6	Информатика	3	3		
7	Тарих , құқық	3	3		
8	География	2	2		
9	Биология	2	2		
10	Химия	2	2		
11	Технология	2	2		
12	Музыка	2	2		
13	АЭД	1	1		
14	Дене шынықтыру	6	6		
15	Бастауыш сынып	22	20	2	
16	Педагог-психолог	2	2		
17	Әлеуметтік педагог	1	1		
18	Тәлімгер	1	1		
19	Педагог-ассистент	4	4		
20	Кәсіби бағдар беруші	1	1		1

-тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2025-2026 оқу жылында 4магистр дәрежесінде маман жұмыстануда.

Оқу жылы	Магистрлер	Қосымша мәлімет	
2025-2026 оқу жылы	1.Жалғасова А.С 2. Ахметова А.С 3. Таймағамбетова М.Ж 4.Жарылғап А.Ж 5.Абдирова К.Г	1. Абдирова К.Г	08.04.2024ж бала күтіміне байланысты демалыста.

Оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер жоқ.

-қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер;

2025-2026 оқу жылында қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер туралы мәліметтер

№	Аты-жөні	Оқу орны	қызметі	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты
1	Тыныштық Айжан Амантайқызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті-2019ж.	Хореограф	6 жыл	педагог
2	Досым Аяжан Миержанқызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті-2021ж.	Логопед	4 жыл	педагог
3	Дуйсеналина Бакитгул Мырзалиевна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті-2018ж.	Дефектолог	26 жыл	педагог-сарапшы 11.09.2023ж №374 бұйрық
4	Имангазина Гулбаршын Куандыковна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті-2021ж.	Дефектолог	31 жыл	Педагог-модератор №74 бұйрық 13.08.2024ж.
5	Бакеш Гулжанат Максоткызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті-2021ж.	Дефектолог	32 жыл	Педагог-модератор №80 бұйрық 29.08.2024ж.
6	Изтлеуова Акмарал Актамбаевна	Қ.Жұбанов атындағы АПИ-1995ж	Физика және информатика мұғалімі	32 жыл	Педагог-модератор №272 31.08.2023

-мемлекеттік білім беру ұйымы басшы, басшы орынбасарларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

Оқу жылы	Жалпы саны	Үшінші санатты басшының орынбасары	Екінші санатты басшының орынбасары	Бірінші санатты басшының орынбасары	Екінші санатты басшы	Пайыздық үлесі
2023-2024	6	1	3	0	1	83%
2024-2025	7	0	2	2	1	71,42%
2025-2026	6	1	3	1	1	100%

Мектеп басшысы Дюсембаев Б.Е 02.09.2025ж №380 бұйрық «Екінші санатты басшы» санатына теңестірілді. Басшы орынбасарлары Тансыкбаева А.С. «АОББ» ММ 17.10.2024ж №523 бұйрық «Бірінші санатты басшының орынбасары», Таумова А.Ж. «АҚББ» ММ 09.09.2024ж.№420 бұйрық «Екінші санатты басшының орынбасары», Кулбасова А.М. «АОББ» ММ 28.12.2021ж.№363 бұйрық «Екінші санатты басшының орынбасары». Каниева Нурсулу

Тулепбаевна01.10.2025ж №481 бұйрық «Екінші санатты басшының орынбасарына» теңестірілді.Маханова Галия Кешубаевна 20.04.2026ж №251 бұйрық «Үшінші санатты басшының орынбасарына»теңестірілді.

-кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес М.Дулатұлы атындағы №63 ЖББОМЛ білім беру ұйымында жыл сайын педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық даму жоспары жасалып, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылып және жүргізіліп, уақытылы сертификатталған.Осыған орай пән мұғалімдерінің үш жылда бір рет білімін жетілдіру курсынан өтуі қадағаланып отырылды.

Оқу жылы	Педагог тер саны	Біліктілігін арттырған педагогтер	Үлесі %	Басшы, басшы орынбасар ының саны	Басшы, басшы орынбасары ның біліктілігін артты-ру	Үлесі%
2025-2026 оқу жылы	79	41	51,89%	6	4	67%

-білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда)туралы мәліметтер;

2025-2026 оқу жылы

Деңгейі бағыты	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Интеллектуалды	85	55	60	12
шығармашылық	37	40	30	-
барлығы	**122**	**95**	**90**	**12**

-кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер;

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес М.Дулатұлы атындағы №63 ЖББОМЛ білім беру ұйымында жыл сайын педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық даму жоспары жасалып, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылып және жүргізіліп, уақытылы сертификатталған.Осыған орай пән мұғалімдерінің үш жылда бір рет білімін жетілдіру курсынан өтуі қадағаланып отырылды.

Оқу жылы	Педагог тер саны	Біліктілігін арттырған педагогтер	Үлесі %	Басшы, басшы орынбасар ының саны	Басшы, басшы орынбасары ның біліктілігін арттыру	Үлесі%

2025-2026 оқу жылы	79	41	51,89%	6	4	67%

3. Білім алушылардың контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

-деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

Талдау нәтижелері 2025-2026 оқу жылында 1-ші сыныптарда 6 оқушы, 2 -ші сыныптарда 4 оқушы, 3-ші сыныптарда 4 оқушы, 4-ші сыныптарда 3 оқушы, 5-шы сыныпта 1 оқушы, 7 сыныпта -1 оқушы , 8-сыныпта 1 оқушы 1.09.2025- 25.05.2026 оқу жылында ерекше білім беруді қажеттілік ететін барлығы - 20 оқушы оқыды.

Сыныптар	Комплект саны	Оқушы саны	ЕБҚ
1-4 класс	20	515	17
5-9 класс	17	440	3
10-11 класс	3	55	0
Барлығы	40	1010	20

-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер;

Сынып	Сынып саны	01.09.2025	I тоқ.	II тоқ.	III тоқ.	IV тоқ.
		саны	саны	саны	саны	саны
1-4 сынып	20	514	515	520	518	515
5-9 сынып	17	424	427	426	437	440
10-11 сынып	3	55	56	55	55	55
Барлығы	40	993	998	1001	1010	1010

2025-2026 оқу жылында 10-сынып-жиынтық құрылды, оның 20-сы 1-4 - сыныптар, 17-сынып-жиынтық 5-9-сыныптар және 3-сынып-жиыштық -10-11- сыныптар. Сыныптардың орташа толымдылығы -26.

Бастауыш сынып оқушыларының саны 2025-2026 оқу жылының басында 514 оқушыдан оқу жылының соңында 515 оқушыға өсті.

5-9 сынып оқушыларының саны оқу жылының басында 424 оқушыдан оқу жылының соңында 440 оқушыға өсті. 10-11 сынып оқушыларының саны оқу жылының басында 55 оқушымен бастап, 55 оқушымен аяқтады.

Мектеп-лицей 2025-2026 оқу жылын 993 оқушымен бастап 1010 оқушымен аяктады

-білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

Оқушыларды мектеп-лицейге қабылдау Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №275 бұйрығы негізінде іске асырылды. Мектеп-лицей қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды 1-сыныпқа және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде 10- сыныптарға қабылдады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) жүзеге асырылды.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспарының, сабақтар кестелерінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Талдау нәтижелері: 2025-2026 оқу жылы бойынша мектептің жұмыс оқу жоспарларында білім беру салаларының болуы, оқу пәндерінің және сағат сандарының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келуі бақылауға алынып, тексерілді.

Мектептің оқу жұмыс жоспары 28.08.2025ж күнгі №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген. 1,2,3,4-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 11-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №161 бұйрығының 6-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылған.

5-9-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 16-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылған.

5-9 лицей сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 19-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылған.

10-11 сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 22-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 22-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылған.

10-11 сыныптардың лицей сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 27-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 27-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін лицей/гимназия сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылған.

Сабақ кестесін зерделеу жұмысы 2024-2025 оқу жылы «Білім класс» электронды журналы негізінде жүргізілді. «Білім класс» электронды журналдарындағы сабақ кестесі оқу жоспарымен сәйкес келеді. Класс сағаттары мен вариативті сағаттарға «Білім класс» электронды журналынан ҚБ бөлімі ашылып, жүргізілген.

Пән атаулары, сағат сандары оқу жоспарымен сәйкес келеді. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес 2025-2026 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, электронды сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген.

-жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Талдау нәтижелері: 2025-2026 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)» пәндер

бойынша ұзақ мерзімді жоспардың негізінде оқу жылының күнтізбелік-тақырыптық жоспары жасалып, бекітіліп, қысқа мерзімді жоспарлармен жүзеге асырылады. Оқу жүктемесі мен сағат саны нормативтік талаптарға сәйкес сақталған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» сәйкес ұйымдастырылған. Оқу бағдарламалары белгіленген мерзімдерде толық көлемде игеріледі.

2025-2026 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 1-сыныпта 1а,1ә,1б,1в,1г – 5 сынып жинағы, 2-сыныпта 2а,2ә,2б,2в,2г – 5 сынып жинағы, 3-сыныпта 3а,3ә,3б,3в,3г – 5 сынып жинағы, 4-сыныпта 4а,4ә,4б,4в,4г – 5 сынып жинағы, яғни бастауыш 1-4 сыныпта барлығы 20 сынып жинағы, 5-сыныпта 5а,5ә,5б,5в – 4 сынып жинағы, 6-сыныпта 6а,6ә,6б,6в – 4 сынып жинағы, 7-сыныпта 7а,7ә,7б,7в – 4 сынып жинағы, 8-сыныпта 8а,8ә,8б – 3 сынып жинағы, 9-сыныпта 9а,9ә – 2 сынып жинағы, яғни негізгі орта 5-9 сыныпта барлығы 17 сынып жинағы, 10-сыныпта 10кадет,10ә – 2 сынып жинағы, 11-сыныпта 11кадет – 1 сынып жинағы, яғни жалпы орта 10-11 сыныпта барлығы 3 сынып жинағы, сонда барлығы 40 сынып жинағы жинақталып бекітілген. Бекітілген кластар бойынша барлық білім алушылар аттестатталды.

класс	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IY тоқсан	жылдық
2а	60%	72%	64%	76,0%	72%
2ә	62,1%	71,4%	71,4%	67,9%	71,4%
2б	60%	65,4%	65,4%	57,7%	69,2%
2в	79,2%	79,2%	76,9%	73,1%	76,9%
2г	81,5%	75%	77,8%	80,8%	84,6%
2 кл	68,5%	72,5%	71,2%	71%	74,8%
3а	76,9%	80,8%	84,6%	92,3%	84,6%
3ә	58,3%	62,5%	61,5%	57,7%	65,4%
3б	72%	72%	72%	76,0%	76%
3в	68%	76%	87,5%	66,7%	83,3%
3г	50%	64%	56%	44,0%	60%
3 кл	65,3%	71,2%	72,2%	67,5%	73,8%
4а	63%	63%	64%	60,0%	68%
4ә	73,1%	69,2%	69,2%	69,2%	69,2%
4б	59,3%	59,3%	63%	65,4%	63%
4в	55,6%	57,7%	61,5%	65,4%	61,5%
4г	68%	69,2%	72%	64,0%	68%
4 кл	63,6%	63,6%	65,9%	64,8%	65,9%
5а	56%	69,2%	61,5%	63,0%	66,7%
5ә	57,7%	76,9%	74,1%	77,8%	77,8%
5б	46,2%	76%	67,9%	64,3%	71,4%
5в	34,6%	%51,9	50%	46,2%	50%
5 кл	48,5%	68,3%	63,6%	63%	66,7%
6а	60,9%	65,2%	65,2%	62,5%	62,5%
6ә	50%	61,5%	61,5%	61,5%	61,5%
6б	40%	52%	57,5%	61,5%	57,7%
6в	46,2%	65,4%	65,4%	69,2%	69,2%
6 кл	49%	61%	62,4%	63,7%	62,7%
7а	56,5%	63,6%	63,6%	63,6%	63,6%
7ә	56%	73,9%	76%	68,0%	76%
7б	47,8%	52,2%	45,8%	50,0%	54,2%
7в	12%	44%	42,3%	42,3%	50%
7 кл	42,7%	58,1%	56,7%	55,7%	60,8%
8а	66,7%	70,4%	78,6%	64,3%	78,6%
8ә	34,5%	41,4%	41,4%	37,9%	41,4%

8б	33,3%	48%	44%	48,0%	53,8%
8 кл	45%	53,1%	54,9%	50%	57,8%
9а	66,7%	79,2%	80%	80%	80%
9ә	41,7%	50%	56%	56%	64%
9 кл	54,2%	64,9%	68%	68%	72%
10кадет	50%	54,5%	54,5%	54,5%	54,5%
10ә	35,7%	46,2%	46,2%	46,2%	46,2%
10 кл	44,4%	51,4%	51,4%	51,4%	51,4%
11кадет	35%	40%	50%	45%	50%
11 кл	35%	40%	50%	45%	50%

Мектеп бойынша 17 пәннен оқушылар білімі аттестатталды.

№	пәні	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IY тоқсан	жылдық
1	Қазақ тілі (қазақ класы)	70,3%	73,4%	73,1%	75%	75,8%
2	Қазақ әдебиет (қазақ класы)	69,4%	74,4%	73,8%	75,4%	75,8%
3	Орыс тілі мен әдебиеті (қазақ класы)	73,9%	79,1%	78,8%	78%	80,9%
4	Ағылшын тілі	67,1%	73,7%	74,1%	76%	75,1%
5	Математика	72,6%	75,8%	75,4%	76,1%	77,1%
6	Алгебра	56,3%	64,5%	65,4%	65,5%	67,3%
7	Геометрия	51,8%	66,7%	65,5%	68,3%	70,4%
8	Информатика	78,6%	85,8%	85,5%	88,6%	92,5%
9	Жаратылыстану	73,9%	79,5%	79,3%	82,5%	84,2%
10	География	58,8%	73,6%	75,8%	74,5%	76,3%
11	Биология	62%	75,3%	72,4%	76,9%	75,7%
12	Физика	56,4%	71,3%	69,7%	72,9%	72,9%
13	Химия	59,6%	66,3%	67,2%	67,3%	68,1%
14	Дүние жүзі тарихы		73,7%		76,3%	79,1%
15	Қазақстан тарихы	66,6%	73,1%	72,5%	72,8%	73,4%
16	Құқық негіздері		79,2%		78%	78%
17	Дүниетану		86,2%		76,3%	88,3%

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерілген.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Талдау нәтижелері:

2025-2026 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығына, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2025 жылғы 15 тамыздағы №341 бұйрығына және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 22 тамыздағы №386 бұйрығына енгізілген өзгерістер туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №281 бұйрығын, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №664 бұйрығын және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №728 бұйрығын негізге ала отырып, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын кешенді іске асыруда білім алушылардың жас ерекшеліктері ескерілді.

Тәрбие жұмысының мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, патриоттық рухта тәрбиеленген, еңбекқор, адал, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

Мектеп – лицейде жүргізілген тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: білім беру ұйымы, отбасы, мүдделі органдардың қатысуымен кешенді түрде жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған барлық іс шаралар және сыртқы мекемелерден келген іс-

шаралар уақытылы, нәтижеге бағытталып өткізілді. Анықтамалары жазылып, @63zhbboml инстаграм желісіне жарияланып отырды.

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Мектеп – лицей бойынша білім алушыларға құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыстар оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтып отырды.

Күнделікті жүргізілген жұмыстар:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы түрлі ойындар, тоғызқұмалақ, асық ату, бес тас ойыны өткізілді.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі сынып жетекшілер тарапынан талап етіліп ұйымдастырылды.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында түрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылды.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күй пайдаланылды, сонымен қатар үлкен үзіліс кездерінде радиоузель жүйесі арқылы арнайы күйлер тыңдатылды.

Апта сайын:

- **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаудан бастайды.
- **«Апта дәйексөздері»** - әр апта сайын мектепте оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві ретінде мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері барлық білім алушыларға жеткізіледі және кіре берістегі телеэкранда және сынып бөлмелеріндегі Led экранда, тақтадаа ілінеді.
- **«Қауіпсіздік сабағы»** жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін және білім алушылардың жеке қауіпсіздігі т.б. мәліметтер сынып сағаты шеңберінде 10 минуттық ақпарат беріледі.


«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар:


- «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
- «Қамқор» жобасы
- «Шабыт» жобасы
- «Smart bala» жобасы
- «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
- «Балалар кітапханасы» жобасы

Бұл жобаларды жүйелі жүргізу үшін мектеп директорының бұйрығымен жоба жетекшілері тағайындалды. Жобалардың жоспарына сәйкес шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айында құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіру мақсатында **«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы бойынша жүзеге асырылды. Мақсаты – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жобасы аясында білім алушыларды еңбекқорлыққа, еңбектің маңызын түсінуге, әр нәрсенің қадірін білуге үйретуде түрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылып өткізілген. «Еңбек түбі-береке» тақырыбында 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіріп, еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке

тәрбиелеу. Табиғи өнімдерімізді сақтай білуге, ысырапшыл болмауға тәрбиеленген. Оқушылардың электр қуаты мен суды үнемдеу туралы түсініктерін кеңейту, ысырапшыл болмауға үйрету және ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында «Таза бейсенбі» ұйымдастырылып, оқушылар өз кабинеттерін тазалап, ұқыптылық пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті.
https://www.instagram.com/p/DPqb8qjDNVM/?igsh=YjFnbzNpaGlzajlr
https://www.instagram.com/p/DP8rcUpjKCh/?igsh=MXJqcmk3dWNiNHNsaQ==
«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында мектебіміздің "Міржақып жастары" еріктілері қоршаған ортаны тазалау жұмыстарын жүргізді. Бұл бастама жас ұрпақтың табиғатқа жанашырлықпен қарап, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.
https://www.instagram.com/reel/DP8JkZnCBoJ/?igsh=MWE4dXFyNTltNm1xag==
2026 жылғы 28 наурыз күні сағат 20:30–21:30 аралығында бүкіл әлем бойынша өткізілген «Earth Hour (Жер сағаты)» халықаралық экологиялық акциясына мектебіміздің білім алушылары белсене қатысты. Акцияның мақсаты – планетаның табиғаты мен ресурстарына жауапкершілікпен қарау қажеттілігіне назар аударту болды. Іс-шараға 6 «Ә» сыныбы қатысып, сынып жетекшісі Сейтимова Э. С. экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жұмыс жүргізді.
https://www.instagram.com/reel/DWbzbQ1jAdW/?igsh=c2V3eHV3ZHR1NDBy
«Үнемділік инноваторы» атты акциясы, «Міржақып жастары» еріктілер клубының ұйымдастыруымен мектеп ұстаздары мен білім алушылары қыс айларында көшені қардан тазартушыларға арнап «Мейірімділік керуені» акциясын ұйымдастырған.
«Еңбек» күніне арналған іс-шаралар жоспары негізінде 1-5 кластарда «Еңбек - бәрін жеңбек» тақырыбында сынып сағаттары, «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне үміткер оқушылардың ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы ұйымдастырылып өткізілген. Сонымен қатар мектептің 8 сынып қыз балалары Шығармашылық Академиясында өткен «Тұмар» сәндік қолданбалы өнер үйірмесінің шеберлік класына қатысып, жас шеберлер ою ойып, жүн басып қолөнермен еңбектенудің қыр-сырларын үйренген.
Еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін білім алушылар арасында кеңінен насихаттау, балаларды бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулу және әлеуметтік маңызды шараларға тарту және мамандыққа баулу мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмысы оқу жылы бойы жүйелі жүргізілген.
https://www.instagram.com/reel/DXGeAu2Dali/?igsh=YjN2ZTY4NGNueDM4
Оқушыларға кәсіптік бағдар беру бағытында «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап, бірін ал!» тақырыбында кәсіптік бағдар беруші маманы А.Жарылқаптың ұйымдастыруымен арнаулы орта білім беру мекемелерінің, жоғары оқу орындарының оқытушылары және студенттерімен кездесулер ұйымдастырылған.






Кәсіптік бағдар беру жұмыс жоспарына сай Еуропа еліндегі қолжетімді білім алу туралы ақпарат беру мақсатында «Кеттік стади» орталығының мамандары, ҚР ҰҚК Ақтөбе облысы бойынша департаменті, М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының мамандары 9-11 сынып білім алушыларына әскери мамандықтың қыр - сыры туралы мәліметтер берді. Оқушылар сұрақ қойып, өз қызығушылықтарын білдірді.
https://www.instagram.com/reel/DW3LYhWAFzV/?igsh=ZjNhdm55M29ndWFl
Қ.Жұбанов АӨМУ-де ұйымдастырылған Study in Kazakhstan Халықаралық университеттер көрмесіне қатысып, түлектеріміз тек еліміздің ЖОО - ң мамандықтары ғана емес сонымен қатар шетелдік университет мамандарынан болашақ мамандықтар мен мүмкіндіктер туралы кең ақпарат алды. Кәсіптік танымын арттыру мақсатында мектеп оқушылары «Бопай ханым» жоғары медициналық колледжі ұйымдастырған ашық есік күніне қатысты. Оқушылар медицина мамандығы туралы көп мәлімет алып қана қоймай, симуляциялық залды көрді, ота жасау, дәке

таңу, вакцина салу, жедел жәрдем қызметі, алғашқы көмек көрсету сияқты қызмет түрлерімен танысып, өздері де ақ халатты мамандар орынында болып көрді. Оқу орны ұйымдастырған өнер көрсету бөлімінде де оқушыларымыз домбыра тартып, шахмат пен шашка ойнап, қарсыластарын жеңді.

«Балалар кітапханасы» жобасының мақсаты балалардың кітап оқуға, білім алуға деген қызығушылығын арттыру, олардың рухани, интеллектуалдық және шығармашылық дамуына қолайлы орта қалыпттастыру.

Қыркүйек айында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» жазғы демалыста оқыған кітаптарын жарнамалау акциясы ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/DPoRB7DjRek/?igsh=ZWNpYmJtZ2tyNzZv

Іс-шара барысында оқушылар оқыған кітаптарын таныстырып мазмұны мен тәрбиелік маңызы туралы әңгімеледі. Шараға 3,6 сынып оқушылары Айару Болат пен Болатбекова Жасмин қатысып өздері оқыған кітаптары жөнінде қысқаша мәлімет айтып,достарын кітап оқуға ұсыныс жасады.Акция жас оқырмандардың рухани дамуына ықпал етіп,кітапқа деген деген сүйіспеншілігін арттырды.
https://www.instagram.com/reel/DPLtbRaiDQ4/?igsh=bG44eTZja3ZrdWRn





25 -қазан Республика күніне орай "Республика күні- ел егемендігінің бастауы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, ел егемендігі тарихы туралы баяндайтын әдебиеттер ұсынылды. Сонымен қатар оқушылар "Қазақстан" туралы өлең шумақтарын мәнерлеп оқыды.
https://www.instagram.com/reel/DQLk5fwjENU/?igsh=MXI3aWl5eDNoajQxeA==

Қараша айында 6-7 сынып оқушыларының қатысуымен «Жақсы кітап-жан азығы» тақырыбында эссе шығармашылық жұмыстар байқауы өтті. Байқауға қатысқан оқушылар сүйікті кітаптары, оқыған шығармаларынан алған әсерлері туралы ойларын эссе түрінде жеткізді.





Мектеп кітапханасында 3-4 сынып оқушылары арасында «Қазақ ертегілерін дауыстап оқу» сағаты өтті. Оқушылар өздеріне ұнаған ертегілерді мәнерлеп, көркем тілмен оқып, кейіпкерлердің әрекеттерін талқылады.





«Сүйікті кітабымның кейіпкеріне хат» акциясы өтті. Аталған іс-шара оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Акцияға 5 сынып оқушылары Ислам Жанерке, Ғалел Нұрғаным белсене қатысып, өздері сүйіп оқыған шығармалардағы кейіпкерлерге арнап әсерлі хаттар жазды. Оқушылар хат арқылы кейіпкерге өз ойларын білдіріп, сырласты. Бұл олардың әдеби

кейіпкерлермен рухани байланыс орнатуына жол ашты. https://www.instagram.com/p/DQ_IXLGjFjT/?igsh=MXY5ZGFrNnpmc3Q5NQ==



«Демалыста кітап оқимыз» атты оқушылар арасында акция ұйымдастырылды. Акцияның негізгі мақсаты - оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді пайдалану. Іс- шара барысында оқушылар өз таңдаулары бойынша көркем әдебиеттер оқып,оқыған шығармалары бойынша ой бөлісті. Кітапхана оқырмандары 4 сынып оқушылары оқу акциясына белсене қатысып, кітап оқуға деген қызығушылық танытты. Өздерінің оқыған кітаптары туралы пікір қалдырып, сыныптастарын демалысты бос өткізбей, кітап оқуға шақырды. https://www.instagram.com/reel/DQlbcsdjI1o/?igsh=MTFlNWYzOXhia2V1aA==

2025 жылдың 17 қазанынан 17қараша күндері аралығында Халықаралық мектеп кітапханалары айлығы күніне орай "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы өтуде. Мақсаты: Мектеп кітапханасы қорын жаңа әдебиеттермен толықтыру, оқушыларды рухани адамгершілікке баулу.
https://www.instagram.com/p/DQl80aCjEnh/?igsh=MWFka2xmbGZ6aG93bA==



16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік- тұғырым» атты тәрбиелік кеш ұйымдастырылды. Шараға 5 сынып оқушылары қатысты. Отан, Тәуелсіздік тақырыбындағы өлең шумақтарын мәнерлеп оқыды. 6 сынып оқушылары оқушылары Н.Ерасыл мен Ж.Бекболатова «Ер тұран» күйі мен « Туған жер» әнін нақышына келтіріп орындады. Аталған шараға №1 Абай атындағы қалалық кітапхана қызметкерлері Ж.Г.Бақытқызы мен Қ.Л. Кәрібайқызы қатысып, «Елдігіміздің рәміздері-Тәуелсіздік» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Іс шара барысында кітап көрмесі қойылып , ел тарихы мен тәуелсіздікке қатысты әдебиеттер таныстырылды. Патриоттық бағытта викториналық сұрақтар қойылды. Белсенді қатысқан оқушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді.



Кітапты көп оқитын және сенімді дос еткен оқырмандарға арналып «Артық білім кітапта» атты оқырман бенефисі өткізілді. Мақсаты - кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және кітаптың адам өміріндегі маңызын насихаттау. Шара барысында кітаптың құндылығы, оның адам дамуына қосатын үлесі туралы әңгімелер айтылып, әдеби шығармалар таныстырылды. Оқырмандар арасында пікір алмасу ұйымдастырылып, қызықты сұрақ-жауап бөлімі өткізілді. Оқырман бенефисіне 3 б сынып оқушысы Болат Айару мен 2 в сынып оқушысы Итжемес Аида оқырманымыз арнайы шақырылып, олардың кітап оқудағы жетістіктері мен сүйікті

шығармалары таныстырылды. Олар өз ойларымен бөлісіп,кітап оқудың пайдасы туралы пікірлерін ортаға салды.




23 сәуір - Ұлттық кітап күні қарсаңында «Шығармашыл интеллигенция – Қазақстан балаларына» атты мәдени-танымдық шара өтті. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары таныстырылып, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінділер оқып, әдеби сұрақ-жауап сайысына қатысты. Іс-шараға 5-8 сынып оқушылары белсене қатысып, өз пікірлерімен бөлісті.






17 сәуір күні «Отбасыммен кітап оқу – игі дәстүр» атты отбасылық кітап оқу күні өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, отбасы мүшелерінің бірлесіп кітап оқу дәстүрін қалыптастыру, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілікті насихаттау және рухани құндылықтарды дәріптеу. Шараға 1-4 сынып оқушылары отбасымен қатысты.




https://www.instagram.com/reel/DXYbtk7jNWo/?igsh=ZzEybjY2dTQyazQ4

21 сәуір күні «Яссауидің рухани мұрасы» атты 9 сынып оқушыларымен танымдық шара өтті. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға ұлы ойшыл, ақын Қожа Ахмет Яссауи мұрасын насихаттау, рухани құндылықтарды дәріптеу, ұлттық әдебиет пен тарихқа деген қызығушылықтарын арттыру. Шара барысында кітапханашы Л.Д.Алданазарова оқушыларға Диуани хикмет еңбегі туралы мәлімет беріліп, хикметтерінен үзінділер оқыды. Яссауидің даналық сөздері мен рухани тағылымдары түсіндіріліп, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар ойшылдың өмірі мен шығармашылығы жөнінде пікір алмасып, сұрақ-жауап бөліміне белсене қатысты. Іс-шара барысында ұлттық құндылықтар, адамгершілік, имандылық және білімнің маңызы туралы кеңінен әңгіме қозғалды. Қатысушылар рухани мұраның бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше екенін атап өтті.




https://www.instagram.com/p/DWgVfp_jN1P/?igsh=ZzcwdXpua213cG1y

Жоба аясында «Гаджетпен рухани даму» атты танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға гаджеттер мен заманауи технологияларды тиімді пайдалану жолдарын түсіндіру, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау. Шара барысында оқушыларға электронды кітаптардың, білім беру платформаларының және танымдық қосымшалардың пайдасы туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар гаджеттерді шамадан тыс пайдаланудың зияны түсіндіріліп, бос уақытты тиімді өткізу, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жөнінде әңгіме жүргізілді. Оқушылар өздерінің сүйікті кітаптары мен пайдалы мобильді қосымшалары туралы ой бөлісті. Кітапхана тарапынан кітап көрмесі ұйымдастырылып, рухани даму мен білімге арналған әдебиеттер таныстырылды. Танымдық сұрақ-жауап және пікір алмасу бөлімі оқушылардың қызығушылығын арттырды. Қорытындысында оқушылар гаджеттерді дұрыс әрі пайдалы мақсатта қолданудың маңызын түсініп, кітап оқудың рухани дамудағы рөлі ерекше екенін ұғынды. https://www.instagram.com/reel/DXL1fJwDIKN/?igsh=MWRxazA3N2d5eWNoeQ==





23 сәуір- Ұлттық кітап күніне орай онкүндік аясында «Абайды оқы, таңырқа» атты 5 сынып оқушыларымен Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқу сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды қазақ әдебиетінің асыл мұрасымен таныстыру, ұлы ақынның даналыққа толы өлеңдері мен қара сөздерін насихаттау, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Оқу сағаты барысында оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерінен үзінділер айтып, шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір алмасты. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақ-жауап ұйымдастырылып, кітап көрмесі таныстырылды.Шара оқушылардың рухани дүниесін байытып, ұлттық әдебиетке деген құрметін арттыруға ықпал етті.





https://www.instagram.com/reel/DXYbtk7jNWo/?igsh=ZzEybjY2dTQyazQ4

1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күніне орай 4-5 сынып оқушыларының қатысуымен «Қазақстан – бірлік пен татулық мекені» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға еліміздегі ұлттар достығы мен татулықтың маңызын түсіндіру, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Ойын барысында оқушылар Қазақстан халқының бірлігі, мемлекеттік рәміздер, ел тарихы мен мәдениеті туралы сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін ортаға салды.





Мектебімізде 15 мамыр күні №1 Абай атындағы қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен Қазақ әдебиеті мен өнерінде өзіндік өрнек қалдырған жыр мен сазды қатар өрген біртуар тұлға «Оқитын өлке-2026» облыстық акция аясында таңдалынып алынған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бәкір Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына арналған «Өнері мен өлеңі өрілген

тұлға» атты әдеби сазды кеші өтті. Мақсаты - ақынның шығармашылығын насихаттап, жас ұрпаққа рухани мұрасын таныту. Шара барысында ақын өлеңдері оқылып, сөзіне жазылған әндер орындалды, сондай-ақ өмірі мен еңбегі жайлы естеліктер айтылды. Поэзия кеші көрермендерге ереше рухани әсер сыйлап, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты арттырды. Шараға 6-7 сынып оқушылары қатысты.





Мектебімізде 17 ақпан күні қазақ поэзиясының мұзбалағы, ақиық ақын М.Мақатаевтың шығармашылығына арналып «Мұқағали-мәңгілік жыр» әдеби поэзия кеші өтті. Мақсаты - оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстыру, поэзияға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Оқушылар ақынның жүрекке жақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, әндерін орындады. Шараға 4 - 6 сынып оқушылары қатысты. https://www.instagram.com/reel/DSZYrB3DOf0/?igsh=MTB1bzBjeXJhZmQyaQ==





«Ұшқыр ой алаңы» жобасының мақсаты – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. Білім алушылардың командамен жұмыс жасай білу, тілдік дағдыларын қалыптастыру, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауды, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауды үйрету және ұшқыр ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Жаңа ғасыр» дебат клубы жұмыс жасаған. Жетекшісі қосымша білім беру педагогі А.Ә.Жұбаныш. . Жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілген. Нәтижесінде оқушылар қалалық, облыстық сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болған. Қалалық М.Әуезовтың 128 жылдығына орай грант пікірсайыс турнирі өтті. Турнирге мектебіміздің "Nomad" фракциясы спикерлері 9 "А" сынып оқушылары Есеева Сағыныш, Ибадулла Каусар қатысып, жүлделі III орын иеленген. https://www.instagram.com/p/DPP8O0hCDpg/?igsh=MTdjajQ2aTF2NDNjNw==

Қазан айында 6, 8 сыныптар арасында "Адамгершілік және адалдық" тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты- оқушылардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін шыншыл, адамдық қасиеттерді игеруге ықпал ету. Сайыста оқушылар ұтымды ой айтып, түйінді пікір білдірді. Ойын қорытындысында 6"А" сыныбының "Алаш" фракциясы I орын, 8 "А" сыныбының "Аргумент атомдары" фракциясы II орын иеленді. https://www.instagram.com/reel/DPSkbLrCLS7/?igsh=MWY1ZzExMmt2bDA3Yg==

Қараша айында "Білімді ұрпақ – жарқын болашақ" тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды.

Мақсаты - оқушылардың білімнің қоғамдағы рөлін түсінуіне ықпал ету, сыни және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өз көзқарасын дәлелмен қорғауға үйрету. Ойын қорытындысында 8"Ә" сыныбының "Қыран"фракциясы I орын, 6"Ә" сыныбының "Жас Алаш" фракциясы II орын иеленді.

https://www.instagram.com/reel/DRCrdGLDF5B/?igsh=MTEwOGk0aXI0MGlndg==

«Ұшқыр ой» алаңы жобасы аясында желтоқсан айында 6–7-сыныптар арасында «Заңды сақтау – әр азаматтың басты міндеті» тақырыбында дебат ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты -

әртүрлі көзқарастарды салыстыра отырып, заңды сақтау мәдениетін нығайту. Ойын қорытындысы бойынша 7«А» сыныбының «ThinkUp» фракциясы 1 орын, 6 «Б» сыныбының «Number one» фракциясы 2 орынды иеленді. Бұл қатысушылардың ойлау қабілетін дамытуға, білімін жетілдіруге және өз пікірін еркін жеткізуге бағытталған танымдық іс-шара болды. https://www.instagram.com/reel/DSKjQ7FjCQ0/?igsh=MXNxNDU0ZGtrMHNhdA==

Ақпан айында «Адамгершілік – басты міндет» тақырыбында дебат ойыны өтті. Шараның мақсаты – адамгершілік құндылықтардың қоғам мен жеке тұлға өміріндегі маңызын түсіндіру. Ойын қорытындысы бойынша I орын – «Жастар» фракциясы, II орын – «Қыран» фракциясы, «Үздік спикер» – Асанғали Асыл,«Үздік оратор» – Құрбанов Самат. Аталған іс-шара оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, өз көзқарасын еркін әрі дәлелді жеткізу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті, сондай-ақ адамгершілік құндылықтарды терең түсінуге тәрбиеледі.

2026 жылдың ақпан айында «Заң – қоғамның айнасы» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды. Мақсаты - оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заңның қоғам өміріндегі маңызын түсіндіру. Ойын қорытындысы бойынша I орынды «Nomad» фракциясы, II орынды «Болашақ» фракциясы иеленді, ал 9 «А» сыныбының оқушылары Есеева Сағыныш «Үздік спикер», Ибадулла Каусар «Үздік оратор» атанды. Аталған іс-шара оқушылардың сыни ойлауын дамытып, өз пікірін еркін әрі дәлелді жеткізу дағдыларын жетілдіруге және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. https://www.instagram.com/reel/DUlSeKgiOBx/?igsh=MTB6OXB6bDJxZ3Fsdg==


Сәуір айында 7 сынып оқушылары арасында «Интернеттегі еркіндік қоғамға қауіп төндіре ме?» тақырыбында дебат ойыны өткізілді. Шараның мақсаты – интернеттегі еркіндіктің қоғамға әсерін талқылау арқылы оқушылардың сыни ойлау, пікір айту және дәлелдеу дағдыларын дамыту. Оқушылар өз көзқарастарын нақты аргументтермен қорғап, пікір алмасу мәдениетін қалыптастырды және интернет қауіпсіздігі туралы маңызды ой түйді. https://www.instagram.com/reel/DXyD0qsoEEP/?igsh=MjJkMmRwdHRydGtq

«Жасампаздық және жаңашылдық» айы – бұл білім алушылардың шығармашылық ойлау мен жаңа идеяларды қолдау, жаңалық ашуға ұмтылуды арттыру мақсатында өткізілетін құндылықтар болып табылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында **«Smart bala»** жобасы аясында білім алушылардың бойына цифрлық білім ресурстарын дамыту мақсатында «Цифрлық дәуірде білім алу: «Қызықты сабақтар құпиясы» тақырыбында шебер-сынып өткізілді. Шебер-сынып кезінде түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабаққа және сыныптан тыс шараларда қолдануға болатын «Joyteka» бағдарламасының жүйесін таныстырды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты - шығармашылық ойлауды дамыту.

Жоба аясында өткізілген «Startup» байқауы, «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам», «Заманауи технологиялар және біз», «Идеядан жобаға дейін», «Цифрлық әлем және бала» сайыстары арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына, тың идеялар ұсынуына, жобалық жұмыстарды әзірлеуіне, техникалық шығармашылық қабілеттерін дамытуына, ақпараттық технологияларды тиімді қолдануына жағдай жасау көзделді.

Мектепішілік 5-сыныптар арасында «Startup» байқауы өтті. Мақсаты- оқушылардың кәсіпкерлік қабілеттерін дамыту, инновациялық идеяларын қолдау және жобалық жұмыстар арқылы болашаққа бейімдеу. Оқушылар өздерінің авторлық жобаларын көпшілік алдында қорғады.

Байқау барысында оқушылар экология, цифрлық технология, әлеуметтік көмек, тұрмыстық қызмет көрсету, қайта өңдеу және жасыл энергия бағыттары бойынша түрлі жобаларын таныстырды. Әр қатысушы өз жобасының ерекшелігіне тоқталып, оның болашақтағы тиімділігін дәлелдеуге тырысты.





«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы білім алушылардың техникалық шығармашылығын дамыту, өнертапқыштық қабілеттерін жетілдіру және ғылым мен техника саласына қызығушылығын қалыптастыру мақсатында өткізілді.

Байқауға қатысқан оқушылар өз қолдарымен дайындаған модельдер мен техникалық жобаларын ұсынды. Қатысушылар жобаларын таныстыру кезінде құрылғының жасалу жолын, жұмыс істеу принципін, қолданылу аясын, тиімділігі мен пайдасын түсіндірді.









Іс-шара барысында оқушылар өздерінің шығармашылық ізденістерін көрсетіп, ғылыми-техникалық бағыттағы білімдерін тәжірибемен ұштастырды.

Мектепішілік 5 сыныптар арасында «Заманауи технологиялар және біз» тақырыбында танымдық-шығармашылық шарасы өткізілді. Мақсаты – оқушылардың заманауи технологиялар туралы білімдерін кеңейту, ақпараттық сауаттылығын арттыру, цифрлық технологияларды тиімді қолдануға баулу және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Байқау барысында оқушылар технологияның адам өміріндегі маңызы туралы жобалар ұсынды. Компьютер, интернет, робот техникасы туралы таныстырылымдар жасап, сурет, постер және макет жұмыстарын қорғады.





«Smart bala» жобасы аясында «Идеядан жобаға дейін» тақырыбында оқушылар арасында жобалар байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты – білім алушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа идеялар ұсынуға ынталандыру, жобалық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру және ғылыми ізденіске баулу.Байқауға қатысушылар өздерінің авторлық жобаларын ұсынып, оны қорғады. Оқушылар экология, мектеп өмірі, технология, тазалық, энергия үнемдеу бағыттарында түрлі жобалар дайындады. Мектепішілік «Цифрлық әлем және бала» тақырыбында танымдық байқау өткізілді. Байқаудың мақсаты – оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру, интернет қауіпсіздігі туралы түсініктерін кеңейту, ақпараттық мәдениетті дамыту және цифрлық технологияларды дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар интернет қауіпсіздігі туралы постерлер әзірледі, цифрлық әлем тақырыбында суреттер салды, қауіпсіз интернет ережелері бойынша өз ойларын айтты. Сонымен қатар қатысушылар әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны туралы пікірталасқа қатысып, ақпараттық қауіпсіздік ережелерін талқылады.





Байқау оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыруға және ақпараттық ортада өзін дұрыс ұстауға тәрбиелеуге ықпал етті.

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 37 жылдығына орай мектепте «Ерлікке тағзым - ұрпаққа парыз» атты ерлік сабақтарда білім алушылар Ауған соғысының ардагері М.А.Қойлыбаевпен кездесті. Сабақ барысында жасөспірімдеріміз өнегелі әңгіме тыңдап, пікірлермен алмасты.

«Қамқор» жобасының мақсаты әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу. 1 қазан күні Карттар күні мерекесіне орай мектеп оқушылары №1

әлеуметтік қолдау орталығына барып, ардагерлер мен қарттарымызға қуаныш сыйлады. https://www.instagram.com/reel/DPgSv3HiNO7/?igsh=dnRoNDc1eGFuZmFk

«Қамқор» жобасы аясында 7-9 сынып оқушыларының қыз балалары мектеп кабинеттерін гүлдендіру, кабинеттердегі, дәліздердегі гүлдерді күту, кіші қызметкерлерге көмек көрсету жұмыстары арқылы адал еңбектің мәнін, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығына үйренді. https://www.instagram.com/p/DQvtb5hDMCM/?igsh=aHozZTJ3OXp1bm4z

Бастауыш сынып оқушыларының еңбекке сүйіспеншіліктерін арттыру, өсімдіктерге қамқорлық көрсету, баптау мақсатында «Тазалық сақшылары» жобасына 4-сынып оқушылары белсене қатысты. Оқушылар мектеп аумағын қоқыстан тазартып, табиғатты қорғауға өз үлестерін қосып, табиғатты аялауға және туған жердің ауасын, табиғатын таза ұстауға үйренеді. https://www.instagram.com/reel/DU9zTj6CKNA/?igsh=MWZucnFuenl0b2dkYw==

«Шабыт» жобасыны мақсаты білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жобаны іске асыру, отбасы құндылықтарын дамыту мақсатында мектеп білім алушылары «Ананың аялы алақаны», «Қарттарым-асыл қазынам" челленджеріне қатысты. Бұл челленджер ана мейірімі мен тәрбиенің қоғамдағы маңызын айқындап, отбасы құндылығын насихаттауға, үлкендерді құрметтеуге бағытталды. Челленджге 1-11 сынып оқушыларының барлығы қатысты. https://www.instagram.com/reel/DPPqrkciB_Q/?igsh=MWNhem82OXl4dXo2aQ==

25 қазан - Республика күніне мектеп оқушылары ҚР Мемлекетті Гимнін салтанатты орындап, мерекемен құттықтады. Бұл олардың бойына Отанға деген сүйіспеншілік, құрмет құндылығын дарытып, патриоттық сезімдерін арттырды. https://www.instagram.com/reel/DQPEYc3jMVu/?igsh=YzliNGx5OWJ5Nm8= https://www.instagram.com/reel/DQPFNeEDFx-/?igsh=dGJxamRnaDV6Zmxn

Республика күніне арналған концертте 6-сынып оқушылары өз таланттарымен жарқырады. Ән айтып, би билеп, өлең оқыған әр оқушының жүзінен қуаныш пен мақтаныш сезімі көрінді. Оқушыларымыздың бойында отансүйгіштік рухты дарыту – ең үлкен жетістік. https://www.instagram.com/reel/DQPyjB-DGuX/?igsh=Y2Vndm51OGgxbzNv

